

«Қазақстанның орнықтылық қоры»  
акционерлік қоғамының  
Директорлар кеңесінің сырттай  
отырысының 2022 жылғы "31"  
наурыздағы (№ 4 хаттамасына  
/шешіміне № 2 Қосымша

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті, оны басқаруды және пайдалануды  
Ішкі бақылау қағидалары**

Алматы қаласы, 2022 жыл

## **Мазмұны**

<b>1 тарау. Жалпы ережелер .....</b>	<b>3</b>
<b>2 тарау. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар.....</b>	<b>3</b>
<b>3 тарау. Қордың инсайдерлік ақпараты.....</b>	<b>4</b>
<b>4 тарау. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдері .....</b>	<b>4</b>
<b>5 тарау. Қордың инсайдерлері. Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік құқықтарының аражігін ажырату .....</b>	<b>5</b>
<b>6 тарау. Инсайдерлер тізімін, сондай-ақ Қор Инсайдер деп танылған эмитент инсайдерлерінің тізімін жүргізу, озекті жағдайда ұсташа тәртібі.....</b>	<b>6</b>
<b>7 тарау. Адамдарды инсайдерлер тізіміне енгізу және оларды Қордың инсайдерлері тізімінен шығару туралы хабардар ету тәртібі мен мерзімдері .....</b>	<b>7</b>
<b>8 тарау. Қордың инсайдерлік ақпаратына кіру рұқсаты бар заңды тұлғалардан Қорға ақпарат беру тәртібі мен мерзімдері .....</b>	<b>7</b>
<b>9 тарау. Қордың уәкілетті органға және Қор оларға қатысты инсайдер деп танылған эмитенттерге инсайдерлер тізімін беру тәртібі.....</b>	<b>7</b>
<b>10 тарау. Инсайдерлік ақпаратты басқаруды және пайдалануды бақылау .....</b>	<b>8</b>
<b>11 тарау. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік .....</b>	<b>8</b>
<b>12 тарау. Қорытынды ережелер .....</b>	<b>8</b>
<b>№ 1 Қосымша</b>	
<b>№ 2 Қосымша</b>	
<b>№ 3 Қосымша</b>	
<b>№ 4 Қосымша</b>	
<b>№ 5 Қосымша</b>	

## **1 тарау. Жалпы ережелер**

1.1."Қазақстанның орнықтылық қоры" акционерлік қоғамының инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті, оны басқару және оны пайдалануды Ишкі бақылау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңына (бұдан әрі - Бағалы қағаздар нарығы туралы заң), Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Әмитенттің қызметіне қатысты және жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын ақпаратты ашу Қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" 2019 жылғы 26 шілдедегі №124 қаулысына, "Қазақстанның орнықтылық қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) Жарғысына және Қордың ішкі регламенттеуші құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

1.2. Осы Ереже:

- 1) Қордың инсайдері болып табылатын ақпарат тізбесін;
- 2) Қордың инсайдерлік ақпаратын ашу тәртібі мен мерзімдерін;
- 3) Қордың инсайдерлері болып табылатын тұлғалардың тізімін;
- 4) Қордың инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу құқықтарының аражігін ажыратуды;
- 5) Қор инсайдерлерінің тізімін жүргізу, өзекті жағдайда ұсташа тәртібін;
- 6) Қордың инсайдерлер тізімінен адамдарды алыш тастау тәртібін;
- 7) тұлғаларды Қордың инсайдерлер тізіміне қосу/тізімнен алыш тастау туралы хабардар ету, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 56-1-бабы 5-тармағының 5) тармақшасында белгіленген жағдайда тұлғаларды хабардар ету тәртібі мен мерзімдерін;
- 8) Қордың инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалардан Қорға ақпарат беру тәртібі мен мерзімдерін;
- 9) Қордың инсайдерлерінің тізімін уәкілетті органға ұсыну тәртібін;
- 10) инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілікті белгілейді.

1.3. Осы Ереженің күші Қорға және Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңға сәйкес Қордың инсайдерлері дең танылған тұлғаларға қатысты қолданылады.

## **2 тарау. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар**

2.1. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

- 1) Қаржылық есептілік депозитарийі - жылдық қаржылық есептілік пен жыл сайын ұйымдар тапсыратын аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімін, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың пайдаланушылар үшін ашық қолжетімді болатын корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты қамтитын электрондық дерекқор;
- 2) Қордың инсайдерлік ақпараты - бағалы қағаздар (тынды қаржы құралдары), олармен жасалған мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (тынды қаржы құралдарын) шығарған (берген) әмитент болып табылатын, коммерциялық құпияны құрайтын қызметті жүзеге асыратын Қор туралы шынайы ақпарат, сондай-ақ ашылуы бағалы қағаздар (тынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және Қордың қызметіне ықпал етуі мүмкін үшінші тұлғаларға белгісіз өзге ақпарат;
- 3) Инсайдер - инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлға;
- 4) Қордың Интернет-ресурсы - қорға тиесілі интернет-ресурс ([www.kfu.kz](http://www.kfu.kz));
- 5) Әмитент - эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын тұлға.

2.2. Осы тармақта көрсетілмеген, бірақ Ереженің мәтіні бойынша қолданылатын терминдердің Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ішкі құжаттарына сай берілген анықтамасы бар.

### **3 тарау. Қордың инсайдерлік ақпараты**

3.1. Қордың бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүдделерін қозгайтын қызметіндегі өзгерістер туралы инсайдерлік ақпаратқа бағалы қағаздар нарығы туралы Заңың 102-бабының 2-тармағында көрсетілген ақпарат жатады.

3.2. Қордың бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүдделерін қозгайтын корпоративтік оқиғалар туралы инсайдерлік ақпаратқа бағалы қағаздар нарығы туралы Заңың 102-бабының 5-тармағында көрсетілген ақпарат жатады.

3.3. Қордың инсайдерлік ақпаратына төмендегілердің қатысы жоқ:

1) Инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) Қордың бағалы қағаздарымен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар дайындау мақсатында жүргізілген бағалы қағаздың (туынды қаржы құралының) құнына, Қордың мүліктік жағдайына қатысты зерттеулерді, болжамдар мен бағалауды қоса алғанда, жалпыға қолжетімді мәліметтер негізінде дайындалған ақпарат;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;

3) адамдардың қалың тобы арасында таратылатын, дереккөзі белгісіз, расталмаган ақпарат, сондай-ақ Қордың ағымдагы немесе жоспарланған қызметіне қатысты болжамдар.

### **4 тарау. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдері**

4.1. Қор қызметіндегі өзгерістер туралы және Қордың бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүдделерін қозгайтын корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпаратты ашу қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) және қор биржасының ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) интернет-ресурстарында ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдерін регламенттейтін Қордың ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.

4.2. Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңың 102-бабының 2-тармағына сәйкес эмитент ашуға жататын ақпарат пен құжаттар тізбесіне кірмейтін, не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде ашу тәртібі мен мерзімдері белгіленбеген ақпаратқа жатпайтын инсайдерлік ақпарат мұндай ақпаратты заңсыз тарату немесе жария ету қордың бағалы қағаздары құнының өзгеруіне немесе оның қызметіне әсер етсе, Қордың интернет-ресурсында [www.kfu.kz](http://www.kfu.kz) мекенжайы бойынша қысқа мерзімде анылады.

4.3. Қордың бағалы қағаздарын (туынды қаржы құралдарын) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының тізіміне енгізген кезде Қор және Қордың инсайдерлері болып танылатын тұлғалар қор биржасының ережелерінде белгіленген тәртіп пен талаптарда осы бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) сауда-саттық басталғанға дейін Қор туралы және ашылуы құнының өзгеруіне және Қор қызметіне ықпал ететін Қор шығарған (берген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпараттың ашылуын қамтамасыз етеді.

4.4. Қор және Қордың инсайдерлері болып танылатын тұлғалар инсайдерлік ақпарат ресми түрде ашылғанға (жарияланғанға) дейін оның құпиялышының қамтамасыз етеді.

4.5. Инсайдерлік ақпаратқа қатысты ақпараттың талап етілетін құпиялышының дәрежесі сақталмайтын немесе осы ақпараттың құпиялышының бұзуға жол берілуі мүмкін жағдайлар туындаған жағдайда, Қор көрсетілген талаптар басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны қаржылық есептілік депозитарийінің және қор биржасының интернет-ресурстарында ашу жөнінде шаралар қабылдайды.

## **5 тарау. Қордың инсайдерлері. Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік құқықтарының аражігін ажырату**

5.1. Келесі тұлғалар Қордың инсайдерлері болып танылады:

- 1) өздерінің лауазымдық міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа кіруге рұқсаты бар Қор қызметкерлері;
- 2) Қордың Акционері;
- 3) Қордың Директорлар кеңесінің төрагасы мен мүшелері;
- 4) талаптарында инсайдерлік ақпаратты ашу көзделген, жасалған шартқа (оның ішінде ауызша) сәйкес әмитеттің қызмет көрсететін аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және басқа да тұлғалар жатады;
- 5) әмитет шыгарған (берген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) тізіміне енгізілген сауда-саттықты ұйымдастыруны;
- 6) сауда жүйесінде әмитеттің бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын қор биржасының директорлар кеңесінің және листинг комиссиясының мүшелері;
- 7) уәкілетті органдың, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомствоның қызметкерлері, өздеріне берілген функциялар мен өкілеттіктерге орай инсайдерлік ақпаратқа кіруге рұқсаты бар мемлекеттік қызметшілер;
- 8) Осы тармақтың 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген, өздеріне берілген өкілеттіктерге орай инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын ұйымдар мүшелері болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіби ұйымдар;
- 9) Осы тармақтың 2), 4), 5) және 8) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа кіруге рұқсаты бар қызметкерлері;
- 10) Осы тармақтың 1) -9) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпарат алған тұлғалар.

5.2. Өзінің қызметтік жағдайына немесе еңбек міндеттеріне қарай Қор инсайдер деп танылған әмитеттердің инсайдерлік ақпаратына кіруге рұқсаты бар Қор қызметкерлерінің тізбесіне Қор мен әмитет арасында жасалған шартқа/келісімге байланысты құрылымдық бөлімше басшысының хабарламасы негізінде Қор қызметкерлері енгізіледі.

5.3. Қордың инсайдерлері:

- 1) Егер қызметтік/лауазымдық және/немесе шарттық міндеттерді орындау Қордың инсайдерлік ақпаратын ашумен тікелей байланысты болса және/немесе Қормен жасалған шартта / келісімде көзделсе, инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және/немесе Қормен жасалған шарттарға/келісімдерге байланысты инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге құқылы.

5.4. Қордың инсайдерлері:

- 1) инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік, оны басқару және пайдалану бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Қагидалардың талаптарын орындауға;
- 2) Қордың инсайдерлік ақпаратын жария етпеуге және Қордың инсайдерлік ақпараты бар құжаттарға уәкілетті емес тұлғалардың қолжетімділігін тиісті бақылауды қамтамасыз етуге;
- 3) инсайдерлік ақпаратпен жұмыс істеу тәртібін бұзыу фактілері, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратқа рұқсатсыз кіру әрекеттері туралы Қорды хабардар етуге;

4) өзінің қызметтік және/немесе шарттық міндеттерін орындауға байланысты кіруге рұқсаты бар ақпаратпен ғана танысуға құқылы.

##### 5.5. Қордың инсайдерлеріне:

1) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоснаганда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;

3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды немесе ұсыныстарды үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

5.6. Инсайдерлік ақпаратқа қағадайна және/немесе шарттық міндеттеріне байланысты осы ақпарат талап етілмейтін Қор қызметкерлерінің инсайдерлік ақпаратқа кіруіне тыйым салу үшін қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз етуі тиіс.

#### **6 тарау. Инсайдерлер тізімін, сондай-ақ Қор Инсайдер деп танылған Эмитент инсайдерлерінің тізімін жүргізу, өзекті жағдайда ұстau тәртібі**

6.1. Қор инсайдерлерінің тізімін, сондай-ақ Қор Инсайдер деп танылған Эмитенттің инсайдерлерінің тізімін жүргізуге, көрсетілген тізімдерді өзекті жағдайда ұстauға Қордың Комплаенс-бақылаушысы жауапты болып табылады.

6.2. Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік, оны басқару және пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында Қордың Комплаенс-бақылаушысы:

1) осы Қағидалардың 1-қосымшасының нысаны бойынша Қор инсайдерлерінің тізімін (Қор инсайдерлерінің тізімі) жүргізеді және өзекті жағдайда ұстайды;

2) Эмитенттің сұратуы бойынша Қор оған қатысты инсайдер деп танылған Эмитенттің инсайдерлік ақпаратына кіруге рұқсаты бар тұлғалардың тізімін ұсынады;

3) уәкілетті органның жазбаша талабы бойынша Қордың инсайдерлік ақпаратына кіруге рұқсаты бар тұлғалардың тізімін ұсынады.

6.3. Қор инсайдерлерінің тізімін өзекті жағдайда ұстau мақсатында Комплаенс-бақылаушы құрылымдық бөлімшелердің басшыларына/бөлімшелерден тыс қызметкерлерге олардың бөлімшелері бойынша Қордың инсайдерлік ақпаратына кіруге рұқсаты бар тұлғалар тізімінде өзгерістердің және/немесе толықтырулардың бар/жоқ екендігі туралы тоқсан сайын сұрау жібереді.

6.4. Комплаенс-бақылаушы құрылымдық бөлімшелердің басшылары/қызметкерлер бөлімшелерден тыс ұсынған ақиараттың негізінде оны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қордың инсайдерлері мен Эмитенттердің тізімдерін қалыптастырады және оларға қол қояды.

6.5. Қор инсайдерлерінің тізімі және Эмитенттердің инсайдерлерінің тізімі Комплаенс-бақылаушыда сақталады.

6.6. Қор инсайдерлерінің тізімінен, сондай-ақ Эмитенттер инсайдерлерінің тізімінен шығару құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан/бөлімшелерден тыс қызметкерлерден алынған мәліметтер негізінде жүзеге асырылады.

6.7. Қордың инсайдерлерінің тізімінен шығару негіздері:

1) Қордың лауазымды адамдарының және корпоративтік хатшының өкілеттіктерін тоқтату;

2) Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамынан шығару;

3) өзінің лауазымдық міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа кіру рұқсаты бар Қор қызметкерімен еңбек шартын бұзу;

- 4) Қордың дауыс беретін акцияларының он немесе одан да көп пайызын тікелей немесе жанама иелену, пайдалану және (немесе) билік ету құқығынан айыру;
- 5) осы Қагиданың 5.1-тармағының 4), 5) және 8) тармақшаларында көрсетілген ұйымдармен шарттың тоқтатылуы/бұзылуы;
- 6) Қордың инсайдерлік ақпаратына өзге негіздер бойынша кіру рұқсатын тоқтату.

## **7 тарау. Адамдарды инсайдерлер тізіміне енгізу және оларды Қордың инсайдерлері тізімінен шығару туралы хабардар ету тәртібі мен мерзімдері**

- 7.1. Қор тұлғаларды инсайдерлер тізіміне енгізу (инсайдерлер тізімінен шығару) туралы, сондай-ақ инсайдерлерге қойылатын талантар туралы жазбаша (қағаз немесе электрондық жеткізгіште) хабардар етеді.
- 7.2. Хабарламаға Комплаенс-бақылаушы қол қояды және осы Қагидаларға 2, 3, 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша жіберіледі.
- 7.3. Хабарламалар инсайдерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға электрондық пошта арқылы немесе қолма-қол қағаз тасымалдағышта осындай тұлғаларды инсайдерлер тізіміне енгізген (инсайдерлер тізімінен алып тастағану) күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

## **8 тарау. Қордың инсайдерлік ақпаратына кіру рұқсаты бар заңды тұлғалардан Қорға ақпарат беру тәртібі мен мерзімдері**

- 8.1. Багалы қағаздар нарығы туралы Заңның 56-1-бабының 6-тармағына сәйкес осы Ереженің 5.1-тармағының 2), 4), 5) және 8) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар:
  - 1) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Қордың инсайдерлік ақпаратына кіру рұқсаты бар өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге және оны осы тарауда көзделген тәртіппен Қорға беруге;
  - 2) инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу бөлігінде өз қызметкерлерін багалы қағаздар нарығы туралы Заңның және осы Қагидалардың талаптары туралы хабардар етуге;
  - 3) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Қордың инсайдерлік ақпаратына кіру рұқсаты бар өз қызметкерлері туралы Қорды мынадай мерзімдерде:
    - Қордың инсайдерлік ақпаратына кіру рұқсаты берілген жағдайда - қызметкерге Қордың инсайдерлік ақпаратына кіру рұқсаты берілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей;
    - қызметкердің Қордың инсайдерлік ақпаратына кіру рұқсаты тоқтатылған (жойылған) кезде (оның ішінде жұмысттан босатылған/өкілеттігі тоқтатылған/Шарттың/Келісімнің қолданылу мерзімі аяқталған немесе өзге де негіздер бойынша) – кіру рұқсаты тоқтатылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге міндетті.
- 8.2. Өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Қордың инсайдерлік ақпаратына кіру рұқсаты бар заңды тұлғаның қызметкерлері туралы мәліметтер заңды тұлғаның уәкілетті өкілі қол қойған осы Қагидалардың 5-қосымшасының нысаны бойынша ресімделеді және Қордың пошталық және электрондық мекенжайларына жіберіледі.

## **9 тарау. Қордың уәкілетті органға және Қор оларға қатысты инсайдер дең танылған эмитенттерге инсайдерлер тізімін беру тәртібі**

- 9.1. Қордың инсайдерлерінің тізімін Комплаенс-бақылаушы уәкілетті органға оның талап етуі бойынша талапта көрсетілген мерзімде Қордың инсайдерлік ақпаратына кіру рұқсаты

бар адамдар туралы ақпаратты, оның ішінде мыналар туралы ақпаратты көрсете отырып ұсынады:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты (бар болса – экесінің аты), оның туған күні;
- 2) заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың деректемелері көрсетіледі;
- 3) инсайдерлер тізіміне косу негізі;
- 4) инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздің пайда болған күні;
- 5) инсайдерлер тізімінен шыгару күні.

9.2. Қор Инсайдер деп танылған әмитент инсайдерлерінің тізімін әмитенттің сұранысына сәйкес Комплаенс-бақылаушы ұсынады.

## **10 тарау. Инсайдерлік ақпаратты басқаруды және пайдалануды бақылау**

10.1. Қордың, оның лауазымды адамдарының және Қор қызметкерлерінің инсайдерлік ақпаратты басқару және пайдалану болігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ осы Қагидаларды сақтауын ағымдағы бақылауды Қордың Комплаенс-бақылаушысы жүзеге асырады.

## **11 тарау. Инсайдерлік ақпаратты заңсyz пайдаланғаны үшін жауапкершілік**

11.1. Осы Қагидаларда көзделген инспекциялардың сақтамаған, инсайдерлік ақпаратты заңсyz пайдаланған және таратқан жағдайда, осындай бұзушылықтарға жол берген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген азаматтық-құқықтық, әкімшілік және өзге де жауапкершілікке тартылады.

11.2. Қордың қызметкерлері болып табылатын инсайдерлер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Қордың ішкі регламенттеуші құжаттарына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

## **12 тарау. Қорытынды ережелер**

12.1. Қор осы Қагидаларды, сондай-ақ оларға өзгерістерді және/немесе толықтыруларды мемлекеттік тілде және орыс тілінде Қордың интернет-ресурсында, қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының интернет-ресурсында (Қордың бағалы қағаздарын қор биржасының тізіміне енгізген және сонда тұрган жағдайда (туынды қаржы құралдары) бекітілген күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде орналастырады, сондай-ақ мүдделі тұлғалардың сұрау салуы бойынша Қор береді).

12.2. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қордың ішкі регламенттеуші құжаттарының талаптарына сәйкес шешіледі.

12.4. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қордың Жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу нәтижесінде осы Қагидалардың жекелеген ережелері оларға қайшы келетін болса, қагидалар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың Жарғысына қайшы келмейтін болігінде қолданылады.

«Қазақстанның орнықтылық қоры»  
акционерлік қоғамының  
2022 жылғы «31» наурыздағы № 4  
инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті,  
оны басқаруды және пайдалануды  
Ішкі бақылау қағидаларына №1- Қосымша

**жағдай бойынша**  
**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының**  
**инсайдерлер тізімі**

**Жеке тұлғалар:**

№ p / c	Тегі, аты (бар болса - әкесінің аты)	Туган күні	Инсайдерлер тізіміне енгізу негіздері	Инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздің пайда болған күні	Инсайдерлер тізімінен шығару күні
1					

**Заңды тұлғалар:**

№ p / c	Заңды тұлғаның атауы және оның орналасқан жері	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуін (қайта тіркелуін) растайтын құжаттың деректемелері	Инсайдерлер тізіміне енгізу негіздері	Инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздің пайда болған күні	Инсайдерлер тізімінен шығару күні
1					

**Комплаенс-контролер**

**Тегі, аты-жөні**

(қолы)

«Қазақстанның орнықтылық қоры»  
акционерлік қоғамының  
2022 жылғы «31» наурыздағы № 4  
инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті,  
оны басқаруды және пайдалануды  
Ішкі бақылау қағидаларына №2- Қосымша

Ұйымның бланкісінде жасалады

**Жеке тұлғаны «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
инсайдері деп тану туралы  
Хабарлама**

Осы арқылы "Қазақстанның орнықтылық қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қор)  
(жеке тұлғаның тегін, атын (бар болса – әкесінің  
атын) көрсету қажет) 202\_ " " Сіз " Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар  
нарығы туралы Заңының 56-1-бабының 3-тармағына сәйкес Қордың инсайдері ретінде  
танылатының туралы хабарлайды.

Осыған байланысты, Сіз Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы  
туралы" Заңының талаптарын қоса алғанда, Қордың инсайдерлік ақпаратына  
қолжетімділік, оны басқару мен пайдалануды Ішкі бақылау қағидаларын (Қордың  
корпоративтік интернет – ресурсында орналастырылған- [www.kfu.kz](http://www.kfu.kz)), Қордың инсайдерлік  
ақпаратын пайдалану/жария ету болігінде сактауга міндettісіз, оның ішінде:

- 1) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде  
Қордың инсайдерлік ақпаратын пайдаланбауга;
- 2) Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда,  
Қордың инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғалар үшін  
қолжетімді етпеуге;
- 3) Қордың инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау  
туралы ұсынымдарды немесе ұсыныстарды үшінші тұлғаларға бермеуге;
- 4) бөгде адамдар Қордың инсайдерлік ақпараты туралы мәліметтерді алуға әрекет  
жасаған жағдайда бұл туралы Қордың Басқарма Төрағасына деруе хабарлауға міндettісіз.

Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Қордың инсайдерлік  
ақпаратына қолжетімділікті, оны басқаруды және пайдалануды Ішкі бақылау  
қағидаларының талаптарын бұзғаныңыз үшін Сіз Қазақстан Республикасының  
заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарасыз.

**Комплаенс-контролер**

**Тегі, аты-жоні**

(қолы)

«Қазақстанның орнықтылық қоры»  
акционерлік қоғамының  
2022 жылғы «31» наурыздағы № 4  
инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті,  
оны басқаруды және пайдалануды  
Ішкі бақылау қағидаларына №3- Қосымша

**Заңды тұлғаны «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
инсайдері деп тану туралы**  
**Хабарлама**

Осы арқылы "Қазақстанның орнықтылық қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі-Қор) (заңды тұлғаның атавын көрсету), бұдан әрі- Үйым, (күні) төмендегілерге байланысты Үйим Қордың инсайдері ретінде танылатыны туралы (*Қордың инсайдерлер тізіміне енгізу үшін мына негіздердің бірін көрсету*) хабарлайды:

- Қордың дауыс беретін акцияларының он немесе одан да көп пайзызына тікелей немесе жанама иелік ету, пайдалану және (немесе) басқару құқығына ие;
- жасалған шартқа сәйкес Қорға қызмет көрсететін аудиторлық ұйым болып табылады, оның талаптарында Қордың инсайдерлік ақпаратын ашу көзделген;
- Қордың инсайдерлік ақпаратын ашуды көздейтін, жасалған шартқа сәйкес Қорға қызмет көрсететін бағалаушы болып табылады;
- талаптары Қордың инсайдерлік ақпаратын ашуды көздейтін, жасалған шартқа сәйкес Қорға қызмет көрсететін, бағалы қағаздар нарығының кәсіби катысуышы болып табылады;
- жогарыда көрсетілген, жасалған шартқа сәйкес Қорға қызмет көрсететін, оның талаптарында Қордың инсайдерлік ақпаратын ашу көзделген өзге ұйым болып табылады.

Осыған байланысты, Үйим Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңының талаптарын, сондай-ақ Қордың инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті, оны басқару мен пайдалануды Ішкі бақылау қағидаларын қоса алғанда, Қордың инсайдерлік ақпаратын пайдалану/жария ету болігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті (Қордың корпоративтік интернет – ресурсында орналастырылған- [www.kfu.kz](http://www.kfu.kz)), соның ішінде:

- 1) Бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде Қордың инсайдерлік ақпаратын пайдаланбауга; ;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қордың инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етупеуге;
- 3) Қордың инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды немесе ұсыныстарды үшінші тұлғаларға бермеуге;
- 4) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Қордың инсайдерлік ақпаратына кіру рұқсаты бар өз қызметкерлерінің (оның ішінде басшы қызметкерлердің ) тізімін жүргізуге;

- 5) бөгде адамдар Қордың инсайдерлік ақпараты туралы мәліметтерді алуға әрекет жасаған жағдайда бұл туралы Қордың Басқарма Төрағасына дереу хабарлауға;
- 6) өз қызметкерлерін (оның ішінде басшы қызметкерлерді) Қазақстан Республикасы Заңының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" және инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу бөлігінде Қордың инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті, оны басқару мен пайдалануды Ишкі бақылау қағидаларының талаптары туралы хабардар етуге;
- 7) Қордың инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті, оны басқару мен пайдалануды Ишкі бақылау қағидаларында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне орай Қордың инсайдерлік ақпаратына кіру рұқсаты бар өз қызметкерлері туралы хабардар етуге міндетті;
- 8) Ұйым мүшелері болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіби ұйымдарды олардың Қазақстан Республикасы Заңының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңының талаптарын, Қордың инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті, оны басқару мен пайдалануды Ишкі бақылау қағидаларының талаптарын инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу бөлігінде сақтау қажеттігі туралы хабардар етуге;
- 9) Қордың инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті, оны басқару мен пайдалануды Ишкі бақылау қағидаларында белгіленген тәртіппен және мерзімде Ұйым мүшесі болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік ұйымдар, сондай-ақ аталған ұйымдардың қызметкерлері туралы Қордың хабардар етуге (мұндай ұйымдар мен олардың қызметкерлеріне Қордың инсайдерлік ақпараты анылған жағдайда) міндетті.

Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Қордың инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті, оны басқару мен пайдалануды Ишкі бақылау қағидаларының талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген.

**Комплаенс-контролер**

**Тегі, аты-жоні**

(қолы)

«Қазақстанның орнықтылық қоры»  
акционерлік қоғамының  
2022 жылғы «31» наурыздағы № 4  
инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті,  
оны басқаруды және пайдалануды  
Ішкі бақылау қағидаларына №4- Қосымша

*Ұйымның бланкісінде жасалады*

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
инсайдері тізімінен шығару туралы  
Хабарлама**

Осы арқылы "Қазақстанның орнықтылық қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі-Қор)  
атын көрсету) \_\_\_\_\_ (инсайдерлер тізімінен шығару негізін көрсету)  
байланысты \_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның атауын/жеке тұлғаның тегін, атын,  
(бар болса әкесінің атын көрсету) 20 " " \_\_\_\_\_ бастап Сізді инсайдерлер  
тізімінен шыгаратыны туралы хабарлайды.

**Комплаенс-контролер**

**Тегі, аты-жоні**

*(қолы)*

«Қазақстаниң орнықтылық қоры»  
акционерлік қоғамының  
2022 жылғы «31» наурыздағы № 4  
инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті,  
оны басқаруды және пайдалануды  
Ішкі бақылау қағидаларына №5- Қосымша

«Қазақстаниң орнықтылық қоры»  
акционерлік қоғамы

**Лауазымдық міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа кіру рұқсаты бар заңды  
тұлғалардың қызметкерлері туралы ақпарат**

№ p/c	Заңды тұлғаның атауы және оның орналасқан жері	Қызметкердің аты-жоні	Тұған күні
1			
2			

Үәкілдегі тұлғаның лауазымы

Тегі, аты-жоні

(қолы)